

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЫҒЫСТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ӘБУ ӘЛ-ФИДАНЫҢ «ТАҚУИМ ӘЛ-БУЛДАН» ШЫҒАРМАСЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

¹Ұ.Д. Жүзбаева, ²А.С. Марғұлан

АҢДАТПА

Ежелгі және ортағасырлық тарихи-географиялық жазба ескерткіштері әртүрлі аумақтардың географиялық, топонимикалық, этимологиялық, этносаяси тарихын зерттеудің құнды дереккөздері болып табылады. Нақты материалдарға негізделген ортағасырлық саяхатшы ғалымдардың географиялық жаңалықтары жергілікті мекендер туралы идеяларды қайта құруға, жаңа ғылыми үлес қосуға, сонымен қатар түркі халықтарының мұрасын зерттеуге үлес қосуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі елдермен байланысты шетелдік дереккөздер арасында тарихнаманы зерттеу аясында араб географтары мен саяхатшыларының еңбектері үлкен орын алады. Ал жаңа уақыттағы батыс шығыстанушыларының зерттеулері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл мақала сириялық географ, тарихшы және саясаткер Әбу әл-Фиданың (1273-1331) «Тақуим әл-булдан» кітабына арналған. Мақалада маңызды ақпаратты анықтау, сондай-ақ ортағасырлық уақыт мөлшерімен парадигмалық байланыстар жүргізу мақсатында тарих ғылымы жинақтаған білімге тарихнамалық талдау жүргізілді. Тақырыпты зерттеу үшін қажетті тарихи шындықтың жаңа аспектілерін көрсетеді.

Түйін сөздер: араб дереккөздері, Әбу әл-Фида, «Тақуим әл-булдан», Хорезм, Маверанахр, Шағатай ұлысы.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің (No BR18574101) қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды.

Историографический анализ произведения «Таквим Аль-Бульдан» Абу Аль-Фиды в системе философских взглядов ученых-востоковедов

Аннотация. Древние и средневековые историко-географические письменные памятники являются ценными источниками для изучения географической, топонимической, этимологической, этнополитической истории различных территорий. Географические открытия средневековых ученых-путешественников, основанные на конкретных материалах, позволяют сделать новый научный вклад в реконструкцию представлений о местности, но и внести вклад в изучение наследия тюркских народов.

В рамках изучения историографии среди зарубежных источников, связанных с различными странами, огромное место занимают труды арабских географов и путешественников. А исследования западных востоковедов нового времени не утратили своей актуальности и по сей день. Эта статья посвящена книге сирийского географа, историка и политика Абу аль-Фиды (1273-1331) «Таквим аль-бульдан». В статье проведен историографический анализ накопленных исторической наукой знаний с целью выявления важных сведений, а также проведение парадигмальных связей с источниками средневекового времени. Уровень

¹ Ұлыс Жошы ғылыми зерттеу институты, Астана, Қазақстан

² Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Ұ.Д. Жүзбаева,
uldana12012@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Жүзбаева Ұ.Д.,
Марғұлан А.С.
Философиялық көзқарастар жүйесіндегі шығыстанушы ғалымдардың Әбу Әл-Фиданың «Тақуим Әл-Булдан» шығармасына тарихнамалық талдау // Адам әлемі. – 2023. – № 2(96). – Б. 48-55.

Философиялық көзқарастар жүйесіндегі шығыстанушы ғалымдардың Әбу Әл-Фиданың «Такуим Әл-Булдан» шығармасына тарихнамалық талдау

изученности темы показывает новые аспекты исторической реальности, необходимые для дальнейшего исследования.

Ключевые слова: арабские источники, Абу аль-Фиды, «Таквим аль-бульданы», Хорезм, Маверанахр, Улус Чагатай.

Historiographical Analysis of the Work «Taqwim Al-Buldan» by Abu Al-Fida in the System of Philosophical Views Orientalists

Abstract. Ancient and medieval historical and geographical written monuments are valuable sources for studying the geographical, toponymic, etymological, ethno-political history of various territories. Geographical discoveries of medieval scientists and travelers based on specific materials will make a new scientific contribution to the reconstruction of ideas about the area, but also contribute to the study of the heritage of the Turkic peoples.

As part of the study of historiography, the works of Arab geographers and travelers occupy a huge place among foreign sources related to various countries. And the studies of Western orientalist of the new time have not lost their relevance to this day. This article is dedicated to the book of the Syrian geographer, historian and politician Abu al-Fida' (1273-1331) «Taqwim al-Buldan». The article provides a historiographical analysis of the accumulated knowledge of historical science in order to identify important information, as well as conducting paradigmatic links with sources of medieval time. The level of study of the topic shows new aspects of historical reality that are necessary for further research.

Key words: Arabic Sources, Abu al-Fida', «Taqwim al-buldan», Khorezm, Maveranahr, Chagatai Ulus.

Kіріспе

XII-XVI ғғ.-дың араб жазба ескерткіштерінде елдер, қалалар, оның халықтары, олардың дәстүрлері мен тұрмысы, тіпті флора мен фауна және т. б. мағлұматтар туралы хабарлардың кең білімділігімен және салыстырмалы түрде жоғары дәлді-гімен ерекшеленетін мәліметтер жиын-тығымен белгілі. Шынында да, XII-XIV ғасырлардағы араб географиялық жазбаларында араб елдері, Еуропа және Азия бойынша физикалық және этноса-яси география туралы бай мәліметтер көп [1, 386 б.]

Материалдар мен әдістер

Бұл салалардағы елдер мен халықтардың тарихы араб дереккөздерінде тарихи шығармалардан, тарихи-географиялық және тарихи-өмірбаяндық әдебиеттерден алынған үзінділер бар. Басылымдарда география, қалалардың, ауылдардың, таулардың, көлдердің, өзендердің орналасуы, сондай-ақ тарихи-мәдени рухани-интеллектуалдық өмір туралы маңызды мәліметтер берілген. «Тарихи хроника», «Араб тарихи-географиялық әдебиеттер», «саяхатшылардың жазбалары» атты жанрларында құрастырылған көптеген материалдар Орта Азия тарихы бойынша

ортағасырлық кезеңдегі ең ауқымды шынайы мәліметтерді қамтиды. Шығарма авторларының арасында белгілі араб саяхатшылардың ішінде – ибн Саида, Тамим ибн Бахр, әл-Калкашинди, әл-Құрайши, Ибн Құтлубұғ, әл-Кафауи, Йақут, ад-Димашқи, Ибн Халдун және тағы басқаларды атауға болады [2, 317 б.].

Бұл дереккөздердің маңыздылығы мен құндылығы ортағасырлық Орта Азия өңірінің саяси, дипломатиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы бойынша материалдар алуан түрлілігінен тұрады. Сол кезеңдегі географияны зерттеудің маңызы зор, өйткені қалалар мен ауылдардың пайда болуы өркениеттің тарихи дамуының маңызды бөлігіне ие болды, бұл ретте Орта Азия мен Қазақстанның біртұтас болып табылатын көшпелі және отырықшы аймақтарының арасындағы тығыз байланыс туралы тарихшылардың тұжырымдамасы тағы да расталады [3, 7 б.]. Жазбаша, ауызша, археологиялық және басқа да дереккөздерді кешенді зерттеу негізінде Орта Азия халықтарының тарихын, қалаларын, жалпы географиясын зерделеу бүгінгі күні өте өзекті болып отыр.

Талқылаулар

Бұл мақалада біз XIV ғасырда өмір сүрген араб географы Әбу әл-Фиданың

«Тақуим әл-бұлдан» (البلدان تقويم) атақты еңбегі туралы айтатын боламыз. Бұл кітап 1316-1321 жылдар аралығында жазылған, ол жалпы география әлемнің негізгі қалаларын сипаттайтын кестелері бар әртүрлі көлемдегі жиырма сегіз тараудан тұратын еңбек. Әр аймақ үшін оның бойлығы, ендік, климаттың сипаттамасы, анықтамалық жазбалар көрсетілген, олардың көпшілігі бұрын жазылып кеткен басқа саяхатшы зерттеушілердің еңбектерінен алынған. Бұл мақаланың өзектілігі, ең алдымен, оның жұмысының географиялық мәтіндерін және оның әлем туралы түсініктерін талдаудан тұрады [4, 482 б.].

Әбу әл-Фиданың шын аты, яғни оның туылғанда азан шақырып берілген есімі Исмаиыл, толығымен Сұлтан әл-Малік әл-Муайад Имад ад-Дин Исмаиыл ибн Мұхаммед ибн Омар әл-Маруф Әбу әл-Фида. Ол кісі хижра жыл санағымен 672 жылдың раби ул ахир айының 11 жұлдызында (григорян жыл санағымен 1273 жылдың қараша айында) Дамаск қаласында дүниеге келген.

Ол Дамаск тағы ғұламалардан білім алуда белгілі бір жоғары дәрежеге жеткесін ғана Хама қаласына келген. Ғұлама білім алуға ұзақ жылдарын жұмсаған. Оның білім жолындағы талабына қатысты келесідей деректер келген: «Ол балалық шағын қасиетті Құран кітабын үйренуге жұмсап, соңыра түрлі ғылымдар еншісінен заңгерлік, шарифат, астраномия, тарих, шайырлық және көркем жазу сынды сан салалы бірқатар салаларды меңгерген». Шейх Джелал-аддин әл-Аснауи өз кітабында: «Ол өте сауатты еді», - дей келе: «Әбу-л-Фида Мысырға болған бір жолсапарында мені өзіне қонаққа шақырған болатын. Сонда біз мұсылман Әмірінің соншалықты жоғары деңгейлі сауаттылыққа ие екеніне тәнті болдық», - деп айтқан. Сондай-ақ, мамлүк мемлекетінің тарихшысы ас-Сафади Салах ад-Дин (1297-1363) ол туралы: «Әбу-л-Фида кемел әрі көркем қасиеттерге толы Әмірші еді. Осымен қатар ол заңгерлік, медицина, философия және тағы басқа салада ғылымдарды оқыған, әсіресе, оның ең жақсы білген ғылым түрі ол астраномия еді» [5, 34 б.] деп жазған. Осындай

ғылыми-ағартушылық дәуірінде өмір сүріп, ғылымның сан алуан салаларын сусындап, шәкірт тәрбиелеп, өзінен кейінгі келер ұрпаққа ислам ғылымдарының әртүрлі бағыттарында үлкен салмаққа бағаланатын еңбектер қалдырған ұлы тұлға болған. Ол – білім мен ғылым жолында орасан зор тер төккен ғұлама.

Әбу әл-Фида Мәмлүктің сұлтаны Насир Мухаммадқа балалық шақтан қызмет етіп жүрді. Оның мансабына қол жеткізумен қатар, Абул Фида онымен достық қарым қатынаста болып, Каир қаласына жиі келіп тұратын еді. Ол жерде оған шет елдік елшілермен жолығуға қатысып тұру мәртебесі бұйырды. Бірнеше рет Сұлтанды жорығына шығарып салып жүрген. Жоғары білімділігі мен дипломатиялық біліктілігі әрі даналығының арқасында 1310 жылы бірінші Губернатор болды. Ал, 1312 жылы өмірлік Сұлтан мәртебесіне қол жеткізіп, Малик Ас-Солих (аудармасы: Ізгі патша) титулына ие болды. 1320 жылы Меккеге барып қажылығын өтеп келген соң «аль-Малик аль-Му'айяд» деп аталатын ұлы титулға, яғни, «Қолдау тапқан Патша» мағынасындағы мәртебеге ие болды. Ал, Әбу әл-Фида сөзі араб тілінде «Құн әкесі» деген мағынаны береді. Ол 20 жыл уақыттан астам билікте тыныштық пен асқан әсемдікте өзін Үкімет істері міндеттемелері мен туынды жазу істеріне арнаған болатын. Бұл негізі өзінің даңққа ие болуының арқасында болды [6, 7 б.]. Ол өз сарайына көптеп келетін ғалымдар мен әдебиеттанушылардың қамқоршысына айналды. Хама қаласын өмірінің соңына дейін Сұлтан мәртебесімен басқарып отырды. Әбу әл-Фида 1331 жылы Хамадағы өз резиденциясында қайтыс болды. Ал оның орнын мұралық пен оның ұлы иеленген еді.

Әбу әл-Фида өзінің ғылыми жолын тарихи-ғылыми шығармалар жазудан бастады, олардың ішіндегі ең бірінші белгілі кітап – «Мухтахар та рих әл-башар», ортағасырлық араб тарихшысы Ибн әл-Әсәрдің «Кәміл фит-тарих» кітабының жалғасы болып есептеледі [7, 57 б.]. Бұл кітап 1315 -1329 жылдар аралығында жазылған. Исламға дейінгі кезеңнен бастау алып, араб елдерінің

тарихы туралы баяндайды. Автор қайтыс болғаннан кейін Ибн әл-Уарди және Ибн аш-Шинна әл-Халаби сияқты бірқатар араб тарихшылары бұл тарихи кітабын 1403 жылға дейін жаңартып, толықтырды. Бұл кітап Батыс тілдеріне аударылды және XVIII ғасырдағы шығыстанушылардың бірнеше тарихи еңбектеріне негізі болып, XIX ғасырдың Батыс тарихнамасына қатты әсер етті

Екінші кітапты «Такуим әл-бұлдан» (аудармасы «Елдерді жүйеге келтіру кітабы») 1316-1321 жылдар аралығында жазды. Екі шығарма бұрынғы еңбектерге: соның ішінде Птолемейдің араб тіліндегі аудармаларына, X ғасырда жазылған «Кітәб әл-Атуал» кітабына, әл-Бируни, Мұхаммед әл-Идриси, ибн Хаукал және басқа да тарихшы ғалымдардың еңбектеріне негізделіп жазылған. Айта кету керек, Ибн Саид әл-Мағрибидің «Кітәб б'ас әл-Арф фи-сул уәл-сард» кітабынан көп мәлемет алып, Абу әл-Фида Африканың Атлант және Батыс Жерорта теңізінің бәғалауларын егжей-тегжейлі зерттеген белгілі Ибн Фатимнің саяхаттары туралы ақпараттарынан алды. [8, 29 б.]. Бұл екі кітапты «Мухтахар тарих әл-башар» және «Такуим әл-бұлдан» Әбу әл-Фида жаңа ақпаратпен толықтырды. Бір кездері бұл екі еңбек Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде өте танымал, әйгелі болған. Сонымен қатар XVII-XIX ғасырлардағы еуропалық шығыстанушылар бұрынғы дереккөздері кеңінен қолданған. Шығарманың кейбір бөлімдері Еуропада 1650 жылы аударылды.

Бұл кітапты алғашқы рет француз шығыстанушысы, 1834 жылы Азия қауымдастығының президенті Сильвестер де Саси зерттеп бастаған. Сонымен бірге, де Саси Лейден кітапханасының шығыс қолжазбалар бөлімінің президенті француз ғалымы Хамакерге хат жазып, осы кітапты бірге қарастыруды ұсынды. Осы екі ғалымның ынтымақтастығы арқасында, бірлескен еңбек қорытындысы ретінде Париждегі ең үлкен Корольдік баспаханасында (Société Asiatique à l'Imprimerie Royale) «Такуим әл-бұлдан» (البلدان تقويم) кітабы басылып шықты. Сильвестер де Саси қолжазбаны Әбу әл-Фида құрастырып

жинаған түрде оқыды. Сонымен қатар, ол 40-тан астам параққа қосымша зерттеулерін жасады, осылайша де Саси қайтыс болғаннан кейін осы кітап бойынша үлкен мұра мен еңбектерін қалдырды. Кейінгі жылдары оның шәкірттері мен ізбасарлары жұмысын жалғастырды, осындай алғашқы ізбасарлардың бірі Джозеф Туссен Рено және Мак Гукин де Сланг болды, олар Сильвестер де Сасидің ең көрнекті шәкірттері болды. 1829 жылы «Кітап такуим әл-бұлдан» атпен Париждегі Корольдік кітапханадағы үлкен Араб қолжазбаларының қорының негізінде редакцияланып алғашқы басылым жарық көрді. Бұл кітапта 32 беттен тұратын сыни кіріспесі болды. Абул Фиданың баспасын даярлау мұсылман географиялық дәстүрінде сириялық географтың шығармасын орнын басып жерден араб географиясының тарихын зерттеумен сүйемелденген. Әбу әл-Фида шығармасының арабша мәтіні мен аудармасын қамтитын томның нәтижесінде, Ж.Т. Рено 1848 ж. жарық көрген ортағасыр мұсылман географиясының тарихы бойынша ауқымды зерттеуді алдын алған. Ж.Т.Реноның жұмысы өз заманында алғашқы болып ортағасыр мұсылман географиясының даму жайлы жалпы очеркі төтенше құнды есептеліп, осы білім саласына деген қызығушылықтың өсуін ынталандырған [9, 244 б.]. Жозеф Туссен Рено Әбу әл-Фиданың арабша мәтіндерін шығыс географиясына ортақ кіріспемен өмірінің соңына дейін аударатын болған және бетке ұстар шығыстанушы маман саналған. Сондай-ақ, Әбу әл-Фида өмірбаянын егжей текжей жаза білген.

«Такуим әл-бұлдан» баспа бетін көргелі бері, әсерлі мерзіміне қарамастан ортағасыр географиясына қызығушылық танытатын оқырмандары үшін теңдесі жоқ оқулық ретінде қала бермек. Атап өтетін жәйт, бұл ортадан тыс аталмыш жинақ көпке таныла қоймаған. Бұл жерде барлығынан бұрын Сипахизаде лақап атымен танылған Мухаммад ибн «Али жасаған араб мәтіндерінің негізіндегі түрікше аударманы атап өту керек. Ол Әбу әл-Фиданың еңбегін түрік тіліндегі сөздік ретінде рәсімдеген.

Бұл кітапқа байланысты француз шығыстанушыларынан басқа, әлемнің ғұлама-ғалымдары дәйексөздер келтіріп, зерттеулер жүргізген. Оның ішінде италяндық географ, саяхатшы әрі жазушы Джованни Баттиста Рамузио 1550 жылы «Навигация және саяхат» атты үш томдық еңбегінде оның жекелеген бөлімдеріне аударма жасаған. 1580 жылы фламандық картограф Герард Меркатор өз досы әрі әріптесіне Әбу әл-Фиданың қолжазбасы жайлы хат жазған. [10]. 1633 ж. ағылшындық Джон Гривз Голландияның Лейден университетінде әйгілі профессор арабтанушы Якуб Голиуспен жұмыс істеген. Ол «Тақуим әл-булдан» кітабының жекелеген бөлімдеріне аударма жасаған. Алғаш рет 1770 жылы латын тіліне неміс арабтанушысы Иоганн Якоб Рейске осы кітаптың аудармасын жасаған. Ал, Рустар мен Варягтар туралы деректер норвег арабтанушысы А.Зейпфельдің жинақтарына (кітап, шығарма) кірген. Сондай-ақ, кітапқа қатысты жеке тарауларына аударма жасаған Генрих Кёлер 1817-1819 жылдары Германия, Франция, Италия және Қырым елдеріне саяхаттап, Әбу әл-Фиданың осы елдер бойынша шығармасын зерттеген. 1883 жылы бұл кітаптың аудармасын С.Гюйар аяқтаған [10]. 1963 жылы Бағдатта және 1985 жылы Франкфурттағы Майнада осы баспаның репринттері пайда болған. Аттары аталған кісілерді қоспағанда батыс зерттеушілерінің басым бөлігі аталмыш еңбекке сирек қатынаста болады. Мүмкін, бұл тұста олардың осы кітаптілің меңгермегендері рөл атқарған болуы ықтимал.

Ресей шығыстанушылары арасында араб ортағасырлық деректеріне ең алғаш көп көңіл аударған Н.М.Карамзин еді. Ол өзінің «Ресей мемлекеттерінің тарихы» атты еңбегінде Әбу әл-Фиданың Хазария қалалары, княздардың басқаруы және т.б. туралы еңбегіне сүйенеді [11, 210 б.]. Н.М.Карамзин араб дереккөздері болған өз сілтемелерінде Иоганн Якоб Рейскенің латын аудармасына сүйенген. Ж.Анре Кюок пен Т. Левицкий Әбу әл Фиданың Африка сахарасы оңтүстік бөлігі тарихына арналған бөлімінің географиясын пайдаланған. Сөйтіп, бірін-ші рет толық

орыс тіліне аударған. «Тақуим әл-булдан» кітабындағы Ибн Саидтың дәйексөздеріне жасалатын сілтемелер Б.А.Дорн, Ф.К.Брун және А.Я.Гаркавилердің жұмыстарында табылады.

1848 жылы «Русское географическое общество» жаңалықтарында осы кітаптың құндылығына көңіл бөлінгені жайлы очерк пайда болмай тұрып, Ресейде «Тақуим ал-булдан» кітабы туралы мағлұмат аз еді. Осы очерктен кейін бұл еңбекке деген қызығушылық өсіп, «Тақуим әл-булдан» кітабының француз аудармасы және араб мәтінінің жарыққа шығуына мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, елдердің тарихы туралы ең маңызды және ауқымды ақпарат классикалық араб географиясының ескерткіші ретінде сақталған

Орыс шығыстану мектебінің негізін қалаушылардың бірі арабист және түрколог Василий Владимирович Бартольд Әбу әл-Фиданың, Ибн Саад және Идрисидің географиялық еңбектерін салыстырмалы әдіс қолдана отырып үлкен жұмыс жасады [8]. Өз жұмысында ол араб географиялық жазбаларының, атап айтқанда Әл-Идриси мен Әбу әл-Фиданың мәтіндеріне қатысты компиляторлық сипаты туралы жазды, көптеген мәліметтер Ибн Саадтан алынған деп атап кетті. Қазіргі уақытта ол араб дереккөздерін, соның ішінде Әбу әл-Фиданың тек Еуропа елдеріне қатысты кітаптары бойынша зерттеу жүргізді.

Әрине, Әбу әл-Фиданың шығармасына қатысты ғалымдардың скептикалық пікірлері бар, олар «бұрынғы дереккөздердің кедей компиляциясы» деп сыни пікірлерін айтқан. Мысалы, испан-араб географы Ж. Т. Рено «Тақуим әл-булдан» кітабындағы Еуропа туралы бөліміндегі мәтіндер Ибн Саид пен әл-Идрисидің кітаптарының негізінде құрастырылғанын атап өтті және ол Ибн Саад еңбегінің кейбір үзінділерді дәлелдеме ретінде жариялап көрсетті. Сонымен қатар, орыс ғалымдары ішінде автордың кампиляциясы туралы И.Х. Крамерс, С.Дублер жазған болатын [12].

Әбу әл-Фиданың кітабын сыни көзбен қараған ғалымдармен қатар, ол туралы жақсы пікірлер айтқан ғұламалар да жеткілікті. Г.Сартон ол туралы: «өз за-

манының ұлы географы» деп, ал «Тақуим әл-булдан» кітабын «араб географиялық әдебиетінде бетке ұстар еңбек және әл-Идрисидің қолжазбалар сияқты ауқымды географиялық шығарма деп есептеген [9]. Біз «Тақуим әл-булдан» шығармасы бұрын жарияланған тарихи еңбектердің негізінде жазылғанына келісеміз, өйткені автордың өзі бұл туралы осы еңбекке қосқан үлесі туралы былай жазған: «Мен жерлер, елдер мен қалалар, таулар, теңіздер және т.б. туралы жазылған кітаптарды көп оқыдым. Олардың арасында менің қызығушылығымды қанағаттандыратын бірде-бір кітап таба алмадым. Осы кітаптардың қатарына Ибн Хаукалдың кітабы кіреді. Ол елдердің сипаттамаларын егжей-тегжейлі суреттеген, оның кітабы өте ауқымды. Бірақ Ибн Хаукал (ел, қала, аудан) атауларын айтылуын, жазылуын қрсетпеген және елдердің бойлық және ендік нұсқаулар туралы ештеңе айтылмаған. Сондықтан, атап өткен көптеген (жер, елдердің) атауларының айтылуы және олардың орналасуы белгісіз болып шыққан. Сонымен қатар, Шериф әл-Идрисидің мемлекеттер мен жолдарға қатысты кітабы, Ибн Хордадбектің кітабы және басқа да саяхатшылардың кітаптардың барлығы Ибн Хаукал үлгісінде жазылған, атаулардың дұрыс айтылуы және бойлық мен ендіктердің көрсеткіштерін көрсетпеген» [11, 24 б.].

Географиялық қолжазбалар және әлемнің түрлі елдері туралы жазылған кітаптардан алынған мәліметтердің барлығы дерлік мұсылман мәдениетіне, дала өркениетіне, соғыс кезеңіне, бейбіт өміріне, көшпелі тайпалардың ара-тұра пайда болған байланыстарына негізделіп көп ақпаратты жүйелі түрде жинаудың нәтижесінде пайда болатыны белгілі. Көбінесе көп ғалымдардың бұл ақпараттар жазылған уақытына сәйкес келмейді. Ортағасырлық араб жазушыларының көпшілігі саяхатшыларды қоспағанда, өз шығармаларында бұрынғы дереккөздерге сүйеніп жазған, бірақ ол дереккөздерге сілтеме жасамаған, компиляция әдісін кеңінен қолданды. Компиляция – дерекнаматекстологиялық талдау жүргізу үшін көптеген қиындықтар туғызады. Алайда, осы ақпараттардың компиляция

жасау арқасында тарихи жағдайды анықтауға, ақпарат хронологиясын құруға көмектеседі [13, 75 б.].

Осы авторлардың тарихи ақпараттарды беру кезеңінде сол уақыттағы дәуірдің саяси және әлеуметтік жағдайларын зерттей отырып, шынайы ақпаратты жинақтап, сенімді немесе күмәнді мәліметтерді бөлсе, нәтижесінде тарихи дерегі бар ақпараттардың объективтілігін анықтауға және осы аймақтағы тарихи дамудың айқын көрінісін табуға болады. Атап айтқанда, қазіргі заманда ортағасырлық авторлардың, әсіресе араб тілді дереккөздердің тарихи деректердің дұрыстығын анықтау үшін мұқиятты жұмысты талап етеді.

Қазіргі уақытта тарихи-шығыстану ғылымында ортағасырлық зерттеулердің деректану және тарихнама мәселелерін анықтау мақсатында барлық қол жетімді әртүрлі кезеңдегі, нешетүрлі сипаттағы және қарама-қайшы деректерімен толы араб дереккөздерді тарту қажет.

Сонымен, көп ғалымдардың «Тақуим әл-булдан» кітабы туралы пікірлері бір ойдан шығады, шығарманың кейбір бөліктерін қоспағанда Әбу әл-Фиданың қосқан үлесі шамалы деп санайды. Автор өзінің географиялық еңбегінде тек араб елдеріне нақты сипаттама берген, өйткені ол Сирия, Египет және Мекке мен Мединаның солтүстігінде орналасқан араб елдерінің бір бөлігін ғана білетін. Бірақ, ол бұл туралы өзінің кітабының кіріспесінде ашық айтып жазады, мысалы, автордың Батыс, Қытай немесе Үндістан туралы айтқан мәліметтері тапшы және кейбір жерлерде үзінді жазады: «Біз көп кітаптарды зерттеп, шашыраңқы болған нәрсені бір жүйеге келтіріп жинадық, бірақ бүкіл әлемнің елдерін немесе олардың көп бөлігін қамтуды мақсат етпедік, өйткені бұндай ауқымды жұмысты орындауға бізде мүмкіндік жоқ. Шынында да, Қытай туралы, елдің көлемі және көптеген қалалары туралы деректер бізге тек сирек кездесетін хабарламалардан жетеді, сонымен қатар бұл ақпараттар жалған болуы мүмкін. Үндістан аймағымен да тура сондай. Шын мәнінде, ол елдер туралы бізге жеткен ақпараттар тексерілмеген. Булгар елі, Черкес елі, Рус елі, Серб елі, Уоллахтар елі және Франк

елі, Константинополь бұғазынан бастап батыс жақтағы теңізге дейінгі елдер туралы дәп солай. Бұл көптеген елдердің, үлкен мемлекеттердің, қалалардың аттарын және сол елдердің өмірін, дәстүрін білмейміз. Сол сияқты, Суданның оңтүстік жағындағы елдер, сондай-ақ әл-Хабаш, Зиндж, Нубия, Такрур мен Зайл тұрғындары бар көптеген елдерді айтуға болады. Бұл елдер туралы ақпарат сирек кездеседі және аз ғана деректер бізге жетеді. Жолдар мен мемлекеттер туралы кітаптардың көпшілігі ислам елдерін қамтиды, бірақ олардың барлығы дерлік дұрыс бір жүйеге келтірілмеген. Біз «Білмейтін нәрсені зерттеп білу, ештеңке білмегеннен гөрі жақсы» деген мақалды ұстанып, бұл кітапта көп шығармаларды бір жүйеге салып реттеп жаздық» [14, 26 б.].

Нәтижелері

Әбу әл-Фида өз көзімен көре алмаған аймақтарды білу үшін бұрын жазылған дереккөздерді, қолжазбалар мен карталарды қолданды. Оның ішінде Ибн-Хаукал шығармалары, әл-Идрисидің географиялық еңбектері, Ибн-Саидтің карталары, әл-Бирунидің «Канун» кітабы, әс-Саманидің «Китаб әл-Ансаб» кітабы кіреді, Хорезм мен Мауренахр аймақтары бойынша көптеген деректерді Канон мен Атуал шығармалары бойынша жасады. Сонымен қатар, Ибн Алатырдың «Әл-Любаб» қолжазбасы, астрономиялық кестелер (зиджи) және «бойлық және ендік кітаптарын» қолданды. Кейде Әбу әл-Фида өз заманының саяхатшылардың еңбектерінен ақпараттар алып отырған, мысалы Үндістан туралы жазған бөлімінде сол саяхатшының ақпаратына сілтеме берген. Осы саяхатшылардың ақпараттарын пайдалану арқылы оған бұл елдер туралы қысқаша, бірақ нақты және дұрыс сипаттамасын беруге мүмкіндігін беріп отырды. Жалпы, араб географиялық әдебиеті Таяу Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Африка, Еуропа, Азия және т.б. елдер туралы жазылған шығармалар арқылы дамып отырды [15, 75 б.].

Ортағасырлық араб тарихнамасының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – сол кездегі ғылыми ортада кеңінен қолданылған компиляция әдісі. Авторлардың

жазылып жатқан шығармаларына басқа біреудің деректерін енгізуге тыйым салынбаған, тіпті, керісінше, рұқсат етіліп мақұлдаған Әрине, әр автордың өзіндік стилі болған, олар өз еңбектерінде сол ақпараттар мен деректерді өз қалауынша пайдаланған.

Қорытынды

«Тақуим әл-булдан» баспа бетін көргелі бері, ескі мерзіміне қарамастан ортағасыр географиясына қызығушылық танытатын оқырмандары үшін теңдесі жоқ оқулық ретінде қала бермек. Атап өтетін жәйт, бұл ортадан тыс аталмыш жинақ көпке таныла қоймаған.

Шам топырағының тумасы Абул Фиданың тарихи география саласында жазған шығармасы – «Тақуим әл-булдан» бүгінге дейін қазақ шығыстану ғылымында жанжақты зерттелмеген дерек болып есептеледі. Бұл дерек Қазақстанның XI–XII ғасырларда орын алған тарихи оқиғаларын қамтымай кеткен басқа да деректердің орнын толықтыруда үлкен орынға ие.

Әдебиеттер

- 1 Крачковский И.Ю. Араб географиялық әдебиеті. Таңдамалы шығармалар. - М., 1957. - 390 б.
- 2 Lane-Poole S. A History of Egypt in the Middle Ages. - London, 1968. - P. 312-313.
- 3 Көмеков Б.Е., Муминов А.Қ. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы 1-том. В.Г.Тизенгаузен жинаған араб жазбаларынан үзінді. – Алматы, Дайк-пресс, 2005. – 711 с.
- 4 Абул-Феда Исмаил. Үлкен кеңес энциклопедиясы. Москва, А-Аккола, 1926. - 482 с.
- 5 Reinaud M. Geographie d'Aboulfeda. Traduite de l'arabe en français par. T.II. – Paris, L'imprimerie nationale, 1848. – 577 с.
- 6 Vernet J.G. Ibn Sa'ïd al-Magribi. Libro de la extension de la tierra en longitud y latitude. - Tetuan, 1958. P. 7-8.
- 7 Юсуф ад дин Жамал. Мысыр патшалары. - 1963. - 57 б.
- 8 Коновалова И.Г. XII-XIV ғасырлардағы араб географиясындағы Шығыс Еуропа. Ғылымдар д-ры. дис. - М., РМҚ, 2005.
- 9 Reinaud J.T. MacGuckin de Slane W. Abu al-Fida. Taqwim al-Buldan. Travel Guide through the Old World. - Beirut-Lebanon, 2010. - 548 p.
- 10 Брун Ф.К. Іздер. - 123-125 б.; Гаркави А.Я. Қырым түбегі. - 246-247 б.
- 11 Карамзин К.М. Ресей мемлекетінің тарихы. - М., 1989. - Т. I. - С. 204-205, 208.
- 12 Knut L. Ibn Sa'ïd. Kitab al-Mughrib fi Hula

al-Maghrib. - Beirut, Dar Sader, 1899. – 180 p.

13 Халидов А.Б. Араб қолжазбалары және араб қолжазба дәстүрі. - М., 1985. – 75 б.

14 Көмеков Б.Е., Көмекова Р.Б., Муминов А.Қ. IX-XII ғасырлардағы араб географтары мен саяхатшылары / Кіріспе, араб тілінен аударылған түсініктемелер, мәтіндер және факсимилелер. Араб деректеріндегі Қазақстан тарихы. IX-XII ғасырлардағы араб географтары мен саяхатшылары. – Алматы, Дайк-пресс, 2010. - В. 2. – 328 б.

15 Тынышпаев М.Т. Краснореченск қирандылары және Баласағын қаласы // Қазақ халқының тарихы. – Алма-Ата, Қазақ университеті, 1993. – 224 б.

Transliteration

1 Krachkovski I.İ. Arab geografialyq ädebieti. Tañdamaly şyğarmalar [Arabic geographical literature. Selected works]. - M., 1957. - 390 s. (in Kaz)

2 Lane-Poole S. A History of Egypt in the Middle Ages. - London, 1968. - P. 312-313.

3 Kömekov B.E., Muminov A.Q. Altyn Orda tarihyña qatysty materialdar jinağy. 1-tom. V.G. Tizengauzen jinağan arab jazbalarynan üzindı [Collection of materials related to the history of the Golden Horde Volume 1. Excerpt from the Arabic scriptures collected by V. G. Tizenhausen]. – Almaty, Daik-pres, 2005. – 711 s. (in Russ)

4 Abul-Feda Ismail. Ülken keñes ensiklopediasy. [Big Soviet encyclopedia.]. - Moskva, A-Akola, 1926. - 482 b. (in Kaz)

5 Reinaud M. Geographie d'Aboulfeda. Traduite de l'arabe en francais par. - T. II. – Paris, L'imprimerie nationale, 1848. – 577 b. (in Fren)

6 Vernet J.G. Ibn Sa'id al-Magribi. Libro de la extension de la tierra en longitud u latitude. -

Tetuan, 1958. - P. 7-8. (in Span)

7 İusuf ad din Jamal. Mysyr patşalary [Kings of Egypt]. - 1963. - 57 b. (In Arab)

8 Konovalova, İ.G. XII-XIV ғасырлардағы араб geografiasyndaғы Şyğys Europa [Eastern Europe in Arab geography of the XII-XIV centuries]. Gylymdar d-ry. dis. - M., RМК, 2005. (in Kaz)

9 Reinaud J.T. MacGuckin de Slane W. Abu al-Fida. Taqwim al-Buldan. Travel Guide through the Old World. - Beirut-Lebanon, 2010. - 548 p.

10 Brun F.K. Izder [Traces]. 123-125 b.; Garkavi A.İa. Qyrym tübegi [Crimean Peninsula]. - 246-247 b. (in Kaz)

11 Karamzin K.M. Resei memleketiniñ tarihy 12 tomdyq [The history of the Russian state in 12 volumes]. - M., 1989. - T. I. - S. 204-205-208.

12 Knut L. Ibn Sa'id. Kitab al-Mughrib fi Hula al-Maghrib. – Beirut, Dar Sader, 1899. – 180 p.

13 Halidov A.B. Arab qoljazbalary және араб qoljazba дәстүri [Arabic manuscripts and the Arabic manuscript tradition]. - M., 1985. – 75 b. (in Kaz)

14 Kömekov B.E., Kömekova R.B., Muminov A.Q. IX-XII ғасырлардағы араб geografarty men saiahatşylary / Kırıspe, arab tilinen audarylğan tüsiniktemeler, мәтіндер және faksimileler. Arab derekterindeгі Qazaqstan tarihy. IX-XII ғасырлардағы араб geografarty men saiahatşylary [Arab geographers and travelers of the IX-XII centuries / introduction, commentary, texts and facsimiles translated from Arabic. History of Kazakhstan in Arabic sources. Arab geographers and travelers of the IX-XII centuries]. – Almaty, Daik-pres, 2010. V. 2. – 328 b. (in Kaz)

15 Tynyşpaev M.T. Krasnorechensk qirandylyary және Balasağyn qalasy [The ruins of krasnorechensk and the city of Balasagyn]. // Qazaq halqynyñ tarihy. – Alma-Ata, Qazaq universiteti, 1993. – 224 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Ұлданай Дүйсенқызы Жүзбаева ғылыми қызметкер, PhD докторант, Ұлыс Жошы ғылыми зерттеу институты, Астана, Қазақстан, email: uldanai1994@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4077-2016>

Аида Серікқызы Марғұлан ғылыми қызметкер, PhD докторант, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан, email: aida.1@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>

Улданай Дуйсеновна Жүзбаева научный сотрудник, PhD докторант, Институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан, email: uldanai1994@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4077-2016>

Аида Сериковна Маргулан научный сотрудник, PhD докторант, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова, Алматы, Казахстан, email: aida.1@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>

Uldanay Zhuzbayeva Researcher, PhD student, Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan, email: uldanai1994@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4077-2016>

Aida Margulan Researcher, PhD student, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan, email: aida.1@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>